



## Арқалық политехникалық колледжінде «Жастар жылы» аясында «Рухани жаңғыру – келешек кепілі», «Ғылымға қадам» білім алушылардың ғылыми – ізденіс тәжірибелік конференциясы өтті.

Білім беру мазмұнын байыту, жетілдіру, оны жүзеге асыру технологиясын іздеу – қазіргі басты мақсаттардың бірі.

Студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстары жоғары білім берудің негізгі бөлігі және маман даярлау сапасын арттырудың тиімді тәсілі болып саналады.

Студенттерді ғылыми – зерттеу жұмысына баулу колледжде маман даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады және оқу, ғылыми үдерістер бірлігінде шешілетін колледждің негізгі мақсаттарының бірі.

Білім алушының ғылыми – зерттеу және оқу – танымдық бағытын ынталандыру, талантты және дарынды білім алушы-

ларды іріктеу және қолдау мақсатында ұйымдастырылған білім алушылардың ғылыми – ізденіс тәжірибелік конференциясына 19 жұмыс жинақталып, үш бағытта тыңдалды.

Олар: «Техника және технология» бағыты бойынша 8 жұмыс, «Энергетика» бағыты бойынша 6 жұмыс, «Мәдениет және тарих» бағыты бойынша 5 жұмыс.

Білім алушының өз еркінше орындаған ғылыми – зерттеу жұмыстары екі тілде қабылданды. Жұмысын қорғауға 10 мин уақыт беріледі, сол уақыт аралығында жұмысының нақтылығын, жаңашылдығын, өзектілігін, жұмыстың мақсатына жетуін көрсете білуі қажет болды.

Байқауға қатысқан білім алушылар жоғары деңгейде дайындықпен келген. Оқытушының ғылыми жетекшілігімен озық үлгіде жасалған тақырыптар өзектілігімен, нақтылығымен, жаңашылдығымен айқындалған «Технология создания компьютерной игры» тақырыбында «ОП – 17» тобының 1 курс білім алушысы

Еламан Мұрат, ғылыми жетекшісі Т. Ахмет «Освещение улицы города Аркалыка, с помощью очищение города от мусора» тақырыбында «Э – 32» тобының 3 курс білім алушысы Александра Гнедаш, ғылыми жетекшісі Н. Мажитова жұмыстары қалалық «Жас ғалым – 2019» байқауына қатысады.

Ғылыми зерттеу жұмысқа қатысу студентті кәсіби пәнді терең меңгеруге, олардың ғылыми, техникалық және әлеуметтік дүниетанымын кеңейтуге, жаңа идеяларды өз бетінше игеруге, ғылыми ақпараттар тасқынында жедел әрі тиімді бағыт ұстануға бейімдейді.

Оқытып отырған әр шәкіртті шығармашылық тұлға биігіне жеткізу мақсатында оқытудың озық үлгілерінде еңбек етіп жатқан оқытушылар еңбегі зор.

**Самал ЖИЕНБАЕВА,**  
Арқалық политехникалық колледжі директорының орынбасары,  
**Г. ҚАРЖАУОВА,**  
директордың оқу – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары.